

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЖАЛПЫ ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕУ

Асан Назерке Әлімжанқызы

nazerke.asanova65@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Ж.Дуйсембиев

Аннотация: Ұлттық педагогика мәдениет пен ғылымды байланыстырудың тиімді құралы болып табылады. Этнопедагогика ұлттық мәдени құндылықтарға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыра алады. Негізгі мақсаты – ғасырларға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу. Ұлт тәрбиесімен айналысатын әрбір ұстаздың негізгі міндеті халықтық педагогиканың элементтерін сабақта және сабақтан тыс тиімді пайдалана білу, салт-дәстүрімізді білім алушылардың оқу-тәрбие ісінде қолдана білу деп есептейміз.

Кілт сөздер: ұлттық педагогика, халықтық педагогика, этнопедагогика, ұлттық ойындар, білім сапасын арттыру.

Білім ұлт мәдениетімен тығыз байланысты. Өткен тарихымыздағы білім, моральдық құндылықтар мен ұлттық жетістіктерді қазіргі мәдениетке қайта енгізуге, дамытуға және зерттеуге болады [1]. Халықтық педагогика ұлттық құндылықтарды дәріптеуге негізделген. Қалыптасқан әрбір этностың өзіндік этнопедагогикасы бар, олар қалыптасу уақыты бойынша ғана бір-бірінен ерекшенуі мүмкін. Дегенмен атқаратын қызметінде ортақ нәрсе бар - өз тарихының тірегін тіктеп ұстауға ықпал етеді [2].

Бізді қоршаған әлемге зер салып қарасақ, өміріміздің әр сәтінде химия ғылымымен байланысып жатқанымызды байқаймыз. Әдетте біз оны байқай бермейміз немесе аңғармаймыз, дегенмен біздің ата-бабаларымыз ертеден-ақ өз өмір сүру салтында химияны пайдаланған.

Зерттеу әдістері:

1. *Салыстыруда* дәстүрлі білім беру мен этнопедагогика негізінде білім беру салыстырылады.

2. *Сауалнама* бойынша мектеп оқушыларынан ұлттық педагогиканы енгізгеннен кейінгі өзгерістер мен пікірлері туралы ақпарат алу болып табылады.

Сабақ өту барысында ұлттық педагогиканың тәрбиелік жағын ескере отырып, білім алушылардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін, жанашарлығын арттыру және оны қалыптастыру үшін мүмкіндігінше халықтық педагогика элементтерін пайдалану жағы қарастырылды. Сабақта халықтық педагогиканы пайдалану мына бағыттарда жүргізілді: мақал-мәтелдер, ұлттық ойындар, шешендік сөздер.

Мақал мәтелдер. Білім алушылар бейорганикалық химия курсы бастағанда сабақ жоспарына сәйкес металдарға жеке-жеке тоқталады. Металлдардың химиялық, физикалық қасиеттеріне ден қоймай тұрып, ең алдымен, оқушыларды тақырыпқа кірістіру үшін «Осы металға қатысты мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, қанатты сөздер білесіңдер ме?» деп бастаған орынды.

1. Арпа бидай ас екен, алтын – күміс тас екен.
2. Темірді қызған кезінде соқ.
3. Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.
4. Батыр майданда шынығады, болат қойнауда шынығады.
5. Темірсіз халық, тұзсыз тағам болмайды.

деген нұсқалар айтылуға тиіс тіркестер тізімі. Негізгі мақсат – химия сабақтарының бөліктерінің халықтық дәстүрде бар екенін көрсету, ортадағы сабақтастықты арттыру.

Терең тарихқа ие қазақ халқында “Қыз қуу”, “Ақсүйек”, “Ханталапай”, “Асық” сынды ұлттық ойындар тізімі жетерлік. Сабақ өткізу барысында осы ойын элементтерін қолдану білім сапасын едәуір арттыратыны сөзсіз. Жаңашылдыққа құмар, бір-біріне ұқсамайтын сабақ өткізететін педагог әрқашанда сәнде.

Ақсүйек ойыны. Мұғалім, ең алдымен, ойынға қысқаша сипаттама береді және элементтерін сабақ үстінде қолданады. *Ақсүйек – ұлттық ойын.* Жігіттер мен қыздар жиналып, айлы түнде ашық далада ойнайды. «Ақсүйек» ойнау үшін әдетте, қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойынды жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөліп, топ басшылары сайланады алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны топ басшысы бар күшімен алысырақ лақтырады. Ойынға қатысушылар ақсүйекті іздеп табуы тиіс. (Сурет 1)



Сурет 1 Ақсүйек ойыны

«Ақсүйек» ойынын мектеп қабырғасындағы химия пәнінде қолданудың мына нұсқасын ұсынып көрсек. Оқушылар 3-4 топқа бөлінеді. Өтіліп жатқан тақырып бойынша сөзжұмбақ құрастырылады. Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы сөзжұмбақты бірінші шешкен топ жеңіске жетеді. Ойын шарты бойынша жасырылған ақсүйек табу сөзжұмбақты шешумен парапар болады. Ұлттық педагогиканың бұл элементін қолдану арқылы оқушыларды жылдамдаққа, ой шынықтыруға, өткен сабақ материалдарын қайталауға машықтандыруға болады. Білім деңгейлерін анықтап қана қоймай, достыққа, ұлтжандылыққа, жолдастыққа тәрбиелеуге болады, яғни оқу-тәрбие жұмысы қатар жүреді.

Асық ойыны. Қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Бұл ұлттық ойын түрі күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Осындай көпфункционалды ойынды химия пәнінен білім беру үшін қолданудың тиімді әдісі ойлап табылды. Көптеген тақырыптарға қолдануға келеді, мысалы, көмірсулар. (Сурет 2)

| | | | |
|------------------------|---|---|---|
| <p>Сабақтың ортасы</p> | <p>Мұғалім практикалық сабақты өткізу үшін студенттерге «Алтын сақа» әдісімен тапсырма береді.</p> <p>Қазақтың ұлттық асық ойыны ойнатылады. Ортаға 6 асыққа көмірсулардың өкілдері жапсырылған. Олар - «Глюкоза», «Сахароза», «Фруктоза», «Лактоза», «Крахмал», «Целлюлоза». Әр топтан 2 студент асық ойнайды. Соғып түсірген көмірсудың атына байланысты келесідей топтық тапсырма орындайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қай көмірсу түріне жатады, жалпы сипаттама? 2. Алынуы мен құрылымы 3. Қолданылуы. <p>Көршілес топтар дәптермен жұмыс жасайды.</p> <p>«Мерейлі менің – Отаным!» тақырыбында көмірсуларды көбейтуге қосар үлесің туралы кішкене жоба жасайды. Бұл Отанға деген патриоттық сезімді арттыруға көмектеседі.</p> | <p>Мұғалім студенттерді тапсырманы PISA стандартына сәйкес 20 баллға дейін толық бағалайды. 20 балл толық жауап берілсе, 10 балл толық емес, 0 нашар.</p> | <p>Интерактивті тақта, тақта, ноутбук, жұмыс дәптері.</p> |
|------------------------|---|---|---|

Сурет 2 «Көмірсулар» тақырыбына арналған ҚМЖ

Ойын барысында қағып түсірген асықта белгілі бір химиялық қосылыстың аты көрсетіледі. Топ бойынша сұрақтарға жауап береді. Білім алушылардың білімімен қатар, дәлдігін, шапшаңдығын аңғауға болады.

Қазіргі кезде дәстүрлі және этнопедагогика негізінде сабақтарды қолдану қажеттіліктері сану алуан. Екеуінің арасындағы айырмашылықтар бірнеше талаптар бойынша (Кесте 1) зерттелді:

Кесте 1 Дәстүрлі сабақ (ДС) пен этнопедагогика негізіндегі сабақты (ЭБ) бірнеше талаптар бойынша салыстыру

| № | Критерийлер | ДС | ЭС |
|---|----------------------------------|----|----|
| 1 | Химия пәнін оқытудың тиімді жолы | + | + |
| 2 | Білім сапасын арттыру | | + |
| 3 | Қызығушылықты ояту | | + |
| 4 | Оқуға ынталандыру | | + |
| 5 | Пайдалану әрі басқару оңай | + | + |
| 6 | Кері байланыс | + | + |

Ұлттық педагогика элементтерін сабақ барысында қолданғаннан кейін білім алушылар арасында сауалнама жүргізілді. Алынған нәтиже оң болды. Қойылған үш сұраққа келесідей жауаптар алынды. (Кесте 2)

Кесте 2 Сауалнама нәтижесі

| | Сабақ ұнады ма? | Болашақта халықтық педагогика негізіндегі сабақтардың көптеп болғанын қалайсыз ба? | Мұғалімнің орнына өзіңді қойып көріңіз, қандай өзгерістер енгізер едіңіз? |
|---------|---|--|---|
| Оқушы 1 | Өте қатты ұнады, осындай сабақтар көп болса екен. | Иә, күнделікті осындай сабақтар өтілсе екен. | Менің ойымша, бәрі ойдағыдай сияқты |
| Оқушы 2 | Өзгеше сабақ болды, маған ұнады. | Әрине! | Әр сабақта тақырыпқа сай қолданар едім! |
| Оқушы 3 | Маған ұнады. | Иә, қалаймын. | Ойын технологияларын көптеп қолданар едім. |
| Оқушы 4 | Иә, өте ұнады. | Көптеп болса екен. | Тақырыпқа сәйкес ойланып, өзгерістер енгізер едім! |
| Оқушы 5 | Сабақ керемет болды. | Өзгерістер әрқашан керемет қой. | Көп өзгеріс талап етпейтін секілді, осы формат ұнайды. |
| Оқушы 6 | Сабақ маған ұнады. | Жаңашыл дүние болды. | Ойлана отырып өзгертуге болады. |
| Оқушы 7 | Ұнады. | Иә, көбірек бола берсін. | Шығармалар жаттауға берер едім, сабақпен байланыс орнатар едім. |
| Оқушы 8 | Маған барлығы ұнады. | Әрине, қалаймын. | Бәрі ойдағыдай. |

Сонымен, халықтық педагогика негізінде білім алушыларға жалпы химия пәнінен білім берудің артықшылықтары:

- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- білім алушылардың бойына патриоттық сезімді ұялату;
- сапалы білім мен саналы тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру;
- білім сапасын жақсарту;

- қызығушылықты арттыру;
- ұлт тағылымдарын дәріптеу.

Қорытынды. Қазіргі білім ордалары ұлттық мәдениет пен тарихты дәріптеуші көпір деуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Daryanto. (2014). Pendekatan Pembelajaran Saintifik Kurikulum 2013. Yogyakarta: Gava Media.
2. Rahmawati Y. [и др.]. Student engagement in science learning through the integration of ethnopedagogy in wastewater treatment project // Journal of Physics: Conference Series. 2019. № 5 (1402).

ӘОЖ 372.854

СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Базарбаева Динара Алишерқызы

dinara.bazarbayeva00@mail.ru

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан

Научный руководитель: Кутжанова Камшат Жамбыловна

Сын тұрғысынан ойлау - Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді [1].

Сын тұрғысынан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған мәліметті ойлауға, бағалауға, талдауға және саралауға негізделген модуль. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе қарсы пікір білдіруге, шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық іс-әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Бұл модульдің ерекшелігі - барлық топ студенттерінің бірдей дамуына әрекет жасап, оның ізденушілігін, қызығушылығын дамытады және студенттердің қарым-қатынасында белгілі бір жүйелілік пайда болады. Сабақтарда сын тұрғысынан ойлауды дамыту студенттер арасында бір-бірінің пікірін тыңдап, өз ойын ашық айтуға, өзара пікір алмасуға, берілген мәселені шешу жолдарын іздей отырып, сыйлауға, достық қарым-қатынастың негізі қаланады. Осы модульдің мақсаты оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде, болашақ тәжірибесінде де дамыту болып табылады.

Ю.К. Бабанский оқыту әдістеріне біртұтас көзқарас, олар мұғалім мен оқушылар қызметінің барлық негізгі құрылымдық компоненттерін көрсетуі керек деп ұсынды. Оның пікірінше "оқыту процесіндегі әдіс мұғалім мен оқушылардың белгілі бір педагогикалық мақсаттарға жету үшін өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілі ретінде әрекет етеді". Ажырамас құрамдас бөліктер ретінде кез келген қызметтің үш құрамдас бөлігі бар екенін ескере отырып – ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау, Ю.К. Бабанский оқыту әдістерін үш үлкен топқа бөлді: оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және өзін-өзі ұйымдастыру әдістері, оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру, оқу-танымдық іс-әрекеттің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.